



**БҰЙРЫҚ**

*2021 ж. 13 қаңтар*  
Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *7-02/1480к/18*  
город Павлодар

**Білім беру ұйымының  
басшысын қайта тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 21-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, 47-бабына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, бюджетаралық қатынастар, кредит беру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» № 232/5 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 13 қаңтардан бастап Ленин кенті әкімі аппаратының «Ленин кентінің шағын мектепке дейінгі білім беру ұйым № 36 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының басшысы Асель Акылбековна Есельбаева барлық қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығымен Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Ленин кентінің № 36 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы ретінде қайта тағайындалсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары З.Ж. Калиеваға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Павлодар облысының Әділет департаменті 2021 жылғы 13 қаңтардағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы.

Бөлім басшысы



*С. Айтқазина*

С. Айтқазина

Бұйрықпен таныстым

*С. Айтқазина*

(қолы, күні)



*Компьютер  
дұрыс*



**БҰЙРЫҚ**

2023 ж. 11.05

Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 1-03/16

город Павлодар

«Павлодар қаласының  
№36 сәбилер бақшасы»  
КМҚК өзін-өзі бағалауы  
туралы

Қазақстан республикасы «Білім туралы» Заңның 5-бабының 9 тармақшасы, 59 – бабы 4 тармақшасы, Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары», Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа ала және Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті ММ-нің 2022 жылғы 11 қарашадағы №268 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 22 мамырдан 22 маусымға дейін «Павлодар қаласының Ленин кентінің №36 мектепке дейінгі мекемесінің «Өзін-өзі бағалау» тақырыбында жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.
2. Білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін.  
Комиссия төрайымы: Ә.А. Еселбаева – сәбилер бақшасының басшысы;  
Комиссия мүшелері: С.Н. Смаилова – әдіскер;  
Р.А. Камышкенова – медбике;  
М.Т. Шадыкулова – кәсіподақ төрайымы;  
С.Ж. Акимтаева – есепші;
3. М.Т.Шадыкулова комиссия хатшысы болып тағайындалсын.
4. Комиссия білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізсін.
5. Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша мына есептерді дайындасын.

1). С.Н.Смаилова-білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары; оқытушылық және оқыту; МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері (машықтар мен дағдылар диагностикасы), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жспарлары;

-педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, ата-аналардың сауалнамасын талдау;

2). Р.А.Камышкенова – мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, бақшаға қатысу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3). С.Ж.Акимтаева – материалдық техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу;

6. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын 2023 жылғы 31 мамырда қорытындысын.

7. 2023 жылғы 3 шілде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.

8. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша қорытындыға құжаттарды дайындауға жауапкершілік әдіскер С.Н.Смаилова және хатшы М.Т.Шадыкуловаға жүктелсін.

9. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Павлодар қаласының Ленин кентінің  
КМҚК басшысы



Ә.А.Еселбаева

Бұйрықпен танысты:

Ә.А.Еселбаева.

С.Н.Смаилова.

Р.А.Камышкенова.

М.Т.Шадыкулова.

С.Ж.Акимтаева.